



201 \_\_\_\_ ЖЫЛҒЫ \_\_\_\_\_

Астана, Үкімет Үйі

« \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 201 \_\_\_\_ г.

№ \_\_\_\_\_

29.12.2017-ҒЫ № 17-31/3242 ШЫҒЫС ХАТЫ  
03.01.2018-ҒЫ № 7440//17-31/3242/ДС-287 КІРІС ХАТЫ

**Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісінің депутаттары  
К.И. Мұсырманға, Б.Б. Мамраевқа**

*2017 жылғы 30 қарашадағы № ДС-287 хатына*

**Құрметті  
Кәрібай Иманжанұлы және Бейбіт Баймағамбетұлы!**

Құрылыс-монтаждау жұмыстарына арналған бағалардың демпингіне және құрылыс кезінде өңірлердің климатын есепке алуға қатысты депутаттық сауалды қарап, мынаны хабарлаймыз.

Үкімет мүдделі мемлекеттік органдар мен ұйымдарға мемлекеттік сатып алуда демпингтік бағалардың ең аз шекті мағынасын айқындау мәселесін пысықтауды тапсырды.

Бұл тапсырманы іске асыру үшін Қаржы министрлігі мүдделі мемлекеттік органдармен, «Атаменкен» ұлттық кәсіпкерлер палатасымен және салалық қауымдастықтармен бірлесіп арнайы құрған жұмыс топтарының отырыстарын өткізді, олардың қорытындылары бойынша техникалық-экономикалық негіздемелер, жобалау құжаттамаларын әзірлеу, құрылыс бойынша бекітілген сметалық құннан 5 % мөлшерінде және инжинирингтік қызмет көрсету бойынша 10 % мөлшерінде демпингтің шекті мәндері белгіленді.

Осы шекті мәндерді Қаржы министрлігінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларында көзделеді.

Бұдан бөлек, сапаны арттыру және құрылыс ұйымдарына қойылатын талаптарды қатандату мақсатында Инвестициялар және даму министрлігі лицензиялаудан кейінгі бақылауды енгізуді көздейтін бұйрық жобасын әзірледі. Осы жоба уәкілетті мемлекеттік органдармен және үкіметтік емес ұйымдармен келісу сатысында жатыр.

Құрылыс мерзімдеріне қатысты қолданыстағы нормативтік құжаттамада еліміздің барлық өңірлеріндегі климаттың ерекшеліктері ескерілгенін және жобалау құжаттамасын әзірлеу кезінде құрылыстың ұзақтығын есептеуге негіз болып табылатынын атап өтеміз.

Сонымен қатар, жобаларды іске асырудың түпкілікті мерзімдерін тапсырыс беруші белгілейді және азаматтық заңнамаға сәйкес шарттық қатынастармен реттеледі.

**А. Мамин**